ЖИДЕЛІАРЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
«ЖИДЕЛІАРЫҚ» АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
СЕЛЬСКИЙ КЛУБ «ЖИДЕЛИАРЫК»
АППАРАТА АКИМА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЖИДЕЛИАРЫК

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

«31» 03 2025 ж./г. | № 18

Жиделіарық ауылы | село Жиделиарык

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 16 бабы, 3 тармағынның 28) тармақшасымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына» сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жиделіарық ауылдық округі әкімі аппаратының «Жиделіарық ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жұмыскерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу үшін барлық қажетті іс-қимылдарды орындау кәсіпорынның есепшісі **М. Мейірманға** жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кәсіпорын басшысы: **Р.Қалкөзов**